

	Уақыт (жер- гілікті)	23/10 БС	24/10 ЖМ	25/10 СН	26/10 ЖК	27/10 ДС	28/10 СС	29/10 СР
Ауаның температурасы, С°	05 с. 17 с.	-1 +8	+2 +9	+2 +5	+2 +5	0 +6	-1 +4	0 +7
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		741	738	735	735	740	738	738
Желдің бағыты		О-Ш	С-Б	С	С-Б	О-Б	О	О-Б
Желдің шапшаңдығы		3	2	3	2	2	4	9

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

«Салтанат»-тың салтанатты кеші

1955 жылы Қазақ КСР ән-би ансамблі Қазақ КСР халық әртісі, Украина КСР-на еңбегі сіңген әртісі Чернышева Лидия Демьяновнаның басшылығымен құрылып, 1989 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жарлығымен ән-би ансамблі З.М.Райбаевтің жетекшілігімен Қазақстан Республикасының «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі болып қайта құрылған екен.

70-жылдық мерей тойларына байланысты даралардың салған дара жолын насихаттап, өшпес мұрасын, өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі «Би керуені» деген гастрольдік сапармен сонау Алматыдан Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар, Есіл, Айыртау, Ғабит Мүсірепов аудандарына келіп, тамаша өнерлерін көрсетіп, халықты риза қылды.

18-ші қазан күні сағат 15-00 де Айыртау ауданының Ақансері атындағы мәдениет үйінде «Салтанаттың» салтанатты кеші болды. «Салтанат» ансамблі Қазақстан халықтары билерінің сан алуан бейнесі мен әлем халқының би мәдениетінің алуан түрлі көрінісін көрсетті. Өртістері өте шынайы сенімділікпен әрбір бидің ұлттық бейнесін ашып, таңғажайып бейнелердің жарқын көрінісін әр адамның жүрегіне жеткізе білді.

Әрбір биден кейін көрермендер ұзақ қол шапалақтап, құрметтерін көрсетіп отырды. Әр биге шыққанда әртістер жылы, күлімсіреген жүздерімен көрермендерге шуақ шашқандай, рух бергендей қуанышқа бөледі. Әр ұлттың



киімдерімен, билерімен шығып, көрермендерді сол ұлттың салт-дәстүрімен, ерекшеліктерімен таныстырып, сол елде болып қайтқандай сезім туғызды.

Концерттің соңында аудан әкімі Меңдібаев Мейрам Жақсылықұлының атынан «Салтанат» мемлекеттік би ансамбліне «Ынта» гүл шоғы қойылып, аудандық Мәдениет үйінің басшысы Гүлнәр Өтеулина аудан әкімінің «Алғыс хатын» тапсырды.

«Салтанаттың» керемет кешіне Қамсақты ауылдық округінің басшысы Қайсар Махметовтың сұрауымен «Grain Brain» ЖШС басшысы Қадір Амантайұлы Сақпаев Көкшетаудан «Икарус» автобусын жалдап, мектеп оқушыларына және ауылдық округтің тұрғындарына концертке билеттерді сатып әперді. Мектеп оқушылары, ауылдық тұрғындар көптен бері ұжым болып шыққан жоқ еді. Қаншама рухани азық алып, би өнеріне тәнті болып қайтты. Тамаша кеште болып, мәдени, рухани азық алуға мүмкіндік берген ауылдық округ басшысы Қайсар

Махметовке (алдымнан тәрбие алған оқушы, мақтан тұтамын), «Grain Brain» ЖШС басшысы Қадір Амантайұлы Сақпаевқа ауылдық округтің тұрғындары атынан алғысымды білдіремін! Жасаған жақсылықтары мың еселеп қайтып, қызметтері алға баса берсін!

«Салтанат» мемлекеттік би ансамблі ҚХР, Түркия, Ресей, Бельгия, АҚШ елдеріне барып шетелдік гастрольдерде құрметке бөленіп, Қытайдың 16-аймағының басшылары қол қойған кәсібилік пен шеберлік үшін үздік деген жоғары атаққа ие болған екен. Ұстаған туларың әрдайым жоғары болсын! Қазақ Республикасының мәдениетін, салт-дәстүрін төрт дүниеге паш ете берсін!

Нұржамила ӘЛБЕКОВА,
Қамсқты ауылдық округінің тұрғыны, Ы.Алтынсарин,
«Ерен Еңбегі үшін», «Айыртау аудандық білім бөлімінің құрметті қызметкері», «Мағжан Жұмабаев» медальдарының иегері.

Хабарландыру

«Ресурс 2018» ЖШС кен орнында вольфрам кендерін өндіру үшін «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағының жерін босалқы жерге ауыстырудың техникалық-экономикалық негіздемесі» жобасы бойынша көпшілік талқылау нысанында қоғамдақ тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жоба Ақпараттық жүйеде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде 31.10.2025 жылдан бастап жиырма жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Тапсырыс беруші: «Ресурс 2018» ЖШС, Астана қ., Есіл ауданы, Сауран к-сі, 20-130, 8-777-892-3951, БСН 180840006518, tooresurs2018@gmail.com;

Әзірлеуші: ҚЗО ЖӘНЕ «ТЕРРА» ГАЖ, Алматы қ., КӨК-ТӨБЕ шағын ауданы, Роза Бағланова к-сі, 83 үй, БСН 990240008036, utyasheva71@mail.ru, +7 (727) 236-08-74;

ЖАО: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл қ., Парковая к-сі, 57В, тел. 8(7152) 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz

Айыртау ауданының аумағында 2025 жылғы 21-23 қазанын аралығында қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында «Құқықтық тәртіп» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізіледі.

Айыртау ауданының полиция бөлімі.

Айыртау ауданының аумағында 2025 жылғы 20 қазан мен 19 қараша аралығында «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Аталған іс-шараның мақсаты – заңсыз аңшылық пен балық аулау фактілерін, сондай-ақ табиғатты қорғау заңнамасын бұзу жағдайларын анықтау және жолын кесу, сонымен қатар халық арасында жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау бойынша профилактикалық жұмыстарды күшейту болып табылады.

Тағы бір қалпына келтірілген құқық

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру болып табылады.

Мәселен, ағымдағы жылдың тамыз айында Департаментке Айыртау ауданындағы жер учаскесіне құжат ресімдеуден бас тартқан «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының әрекетіне шағымданған елорда тұрғыны жүгінді.

Өз кезегінде, Департамент тексеру барысында бас тартудың

себебі қоса берілген құжаттарда - учаскенің шекаралары мен координаттар ведомосін белгілеу материалдарының болмауы екенін анықтады. Бірақ, ең бастысы – Петропавл қалалық бөлімінің қызметкерлері мүмкін болатын бас тарту туралы ескертпеді және өтініш берушіге өз ұстанымын білдіретін, яғни тыңдауды өткізбеді.

Нәтижесінде Департамент араласқаннан кейін жер учаскесіне құжат беріліп, көрсетілетін қызметті алушының құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді алу барысында сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар Департаментке «EgovKzBot2.0» платформасы арқылы немесе 36-01-62 телефонына қоңырау шалу арқылы жүгіне алады.

Д.АМРИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің СҚО бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтерді көрсету басқармасының бас маманы.

Сотты құрметтемегені үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының Конституциясына сай, сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңдары мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңының 3-бабында сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатыны көрсетілген. Сот ісін қарау сот отырыс залында жүзеге

асырылады. Әрине, бұл тараптар сот отырысы барысында белгілі бір тәртіпке бағыну қажеттігін ұмытпағаны жөн.

Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар сот отырысы залындағы тәртіпті сақтауға міндетті. Процеске қатысушы тұлға тарапынан тікелей сот талқылауы барысында сотты құрметтемеу фактісі анықталған кезде сот кінәлі адамға Заңда белгіленген тәртіппен әкімшілік жазаға немесе сот отырысында тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, бұл адам қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

Сотқа деген құрметтемеушілік білдірген тұлғаларға қатысты жауапкершілік Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодексінде қарастырылған. Мәселен, аталған кодекстің 653-бабында сотқа деген құрметтемеушілік үшін жауапкершілік көзделген.

Процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) - ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік

қамауға алуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Сот отырыс залындағы тәртіпті бұзып, олардың іс-әрекеттерінде қылмыстық жауапкершіліктің салдары анықталса, сот оларға қатысты құжаттарды, прокурорды ескерте отырып, алдын ала тергеу органына жолдай алады. Бұл жауапкершілік Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 410 бабында көрсетілген. Сотты құрметтемеу: Сот талқылауына қатысушыларды қорлаудан көрінген, сотты құрметтемеу - үш жүз айлық есептік

көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Судьяны және (немесе) алқабиді қорлаудан көрінген дәл сол іс-әрекет - бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Қорыта айтқанда, сотқа келген әрбір адам өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, құқықтық мәдениетті сақтауы қажет.

Юрий ТКАЧ,
Айыртау аудандық сотының аға сот приставы.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС.
Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

«Айыртау-Информ» ЖШС директоры
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Құрметбек БЕЙСЕН

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл. пошта: aiyrtau_tany@inbox.ru

Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА
Оператор-дизайнер
Ярослав ГЛИНКИН

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС баспасында басылған.

Индексі 65845. Таралымы 405 тапсырыс № 505

Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде
30.05. 2008 жылы есепке қойылған.
Есепке қою № 9246-Г.
Газет бейсенбі күні шығады.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.